




БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
01 2025 ж.

**«ОҚМА» АҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН
ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

495-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		бірінші

Шымкент

MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 2 беті	

1. «ОҚМА» АҚ Оқу-әдістемелік орталығы мен «Медбиофизика және ақпараттық технологиялар» кафедрасы **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

Хаттама № 5 18.12 2024 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Әдістемелік Кеңесінің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ**

Хаттама № 6 22.01 2025 ж.

3. «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛДІ**



Хаттама № 3 28.01 2025 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025 1-ші басылым 25 беттің 3 беті	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық		

МАЗМҰНЫ

1	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
3	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	5
5	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	5
6	ЖОБА ТҮРЛЕРІ.....	6
7	ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	7
8	ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	8
9	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ІСКЕ АСЫРУ.	10
	А ҚОСЫМШАСЫ. ЖОБА БАҒДАРЛАМАСЫ.....	15
	Б ҚОСЫМШАСЫ. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС- ҚИМЫЛДАРДЫҢ БОЛЖАМДЫ КАРТАСЫНЫҢ МЫСАЛЫ.....	16
	В ҚОСЫМШАСЫ. ЖОБА БОЙЫНША ЖАЗБАША ЕСЕПТІҢ ТИТУЛДЫҚ ПАРАҒЫН РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ.....	18
	Г ҚОСЫМШАСЫ. ЖОБА БОЙЫНША ЕСЕПТІ РЕСІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА.....	19
	Д ҚОСЫМШАСЫ. ЖОБА БОЙЫНША ЖАЗБАША ЕСЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	24

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 4 беті	

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы әдістемелік нұсқаулық төменде келтірілген құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленді:

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 жылғы №2 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 04.07.2022 жылғы № ҚР ДСМ-63 бұйрығы.

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі-нормативтік құжаттарды басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару.

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Жобаның авторы - жобаны білім беру үдерісі шеңберінде іске асыруға ұсынатын «ОҚМА» АҚ профессор-оқытушылар құрамының өкілі.

Жобалар банкі - іске асырылатын және жоспарланатын жобалардың бағдарламаларын қамтитын ақпараттық ресурс.


Жобаның бастамашысы - жобаның қажеттілігін анықтайтын және жүзеге асырылатын тұжырымдаманы ұсынатын тұлға. Жобаның бастамашысы «ОҚМА» АҚ оқытушысы, қызметкері, білім алушы немесе жұмыс беруші бола алады.

Жоба - белгілі бір мақсаттарға жетуге және қатаң белгіленген уақыт кезеңінде нақты міндеттерді шешуге арналған жоспарланған, негізделген, өзара байланысты іс-шаралар қатары. Жобаның нәтижесі оқу, зерттеу, практикалық қызметтің нәтижесі болып табылатын өнім түрінде жасалады.

Білім алушылардың жобалық қызметі – бұл түпкілікті өнім түрінде рәсімделген белгілі бір іс жүзінде немесе теориялық маңызды мәселені шешуге бағытталған білім алушылардың дәлелді дербес қызметі болып табылатын оқу үдерісінің құрамдас бөліктерінің бірі.

Жоба бағдарламасы - жобаны іске асыру процесінде білім алушыларда қалыптастырылатын жобаның жалпы сипаттамасы мен құзыреттілігін қамтитын құжат. Жоба бағдарламасын жоба авторы бастамашымен бірлесіп қалыптастырады (А ҚОСЫМШАСЫ).

Жоба жетекшісі – «ОҚМА» АҚ оқытушысы, жобаны орындау кезінде білім алушылардың қызметіне жетекшілік етеді.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 5 беті	

3 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей белгілеулер мен қысқартулар қолданылады

«ОҚМА» АҚ ҚР ДСМ ОӘО ПОҚ ОБӘЖ	- Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы», - Акционерлік қоғам, - Қазақстан Республикасы денсаулық, сақтау министрлігі, - Оқу-әдістемелік орталық, - Профессор-оқытушы құрамы, - Оқытушының білім алушымен өзіндік жұмысы.
--	--

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы әдістемелік нұсқаулық «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-да (бұдан әрі-"ОҚМА"АҚ) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру үдерісінде білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастырудың мақсаты мен тәртібін айқындайды.

4.2 Әдістемелік нұсқаулық білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыратын профессор-оқытушылар құрамына арналған.


5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

5.1 Жобалық қызмет - бұл оқу қызметінің бір түрі, оның негізгі мақсаты- әр түрлі пәндік салалардан білімді біріктіруді талап ететін тәжірибелік міндеттерді немесе мәселелерді шешу барысында білім алушылардың өз бетінше білім алуы.

5.2 Жобалық қызмет оқыту үдерісін практикалық қызметке барынша жақындата отырып, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ білім беру үдерісін дараландыруға және оқуға деген ынтаны арттыруға ықпал етеді.

5.3 Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- зерттеу, шығармашылық тұрғыдан маңызды мәселенің немесе интеграцияланған білімді қажет ететін мәселенің, оны шешу үшін зерттеу ізденісінің болуы нәтижесінде белгілі бір өнім пайда болуы;
- білім алушылардың өз бетінше (жеке және топтық) жұмысы;
- жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау (кезеңдік нәтижелерді көрсете отырып);

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 6 беті	

-болжамды нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы, өнімнің өзіндік ерекшелігі мен жаңалығы және мәселені шешу жолдары;

- жұмыс, әдетте, нәтижелерді жалғастыру және коммерцияландыру мүмкіндігіне ие болуы керек (жобалық өнімді пысықтау, байланысты мәселелерді шешу).

5.4 Жобалық қызмет білім алушыларда дамытады:

- зерттеу дағдыларын (мәселелік жағдайды талдау, нақты міндеттерді тұжырымдау, әдебиеттен қажетті ақпаратты іріктеу, практикалық жағдайларды бақылау, олардың нәтижелерін тіркеу және талдау, гипотезалар құру, жалпылау, қорытынды жасау қабілеті);

- топта жұмыс істей білуін (нәтиже алу үшін ұжымдық жұмыстың маңыздылығын, ынтымақтастықтың, бірлескен қызметтің рөлін түсінуін);

- қарым-қатынас дағдыларын (өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, тыңдай білу, басқасын түсіну, келіспеген жағдайда шешім табу үшін балама тәсілді сындарлы түрде сынай білу).

6 ЖОБА ТҮРЛЕРІ

6.1 Білім алушылар қызметінің негізгі түрі бойынша жобалардың түрлері:

Зерттеу жобалары-зерттеу логикасына толығымен бағынады және ғылыми зерттеу құрылымына сәйкес құрылымға ие. Олар жақсы ойластырылған мақсаттарды, гипотезаны кейіннен тексеруді, ойластырылған зерттеу әдістерін, эксперименттік және тәжірибелік жұмыстарды, нәтижелерді өңдеу әдістерін қажет етеді. Зерттеу жобалары пәндері бойынша білім алушылардың теориялық және тәжірибелік сабақтар барысында алған білімдерін тереңдетуге, оларға материалды өз бетінше зерттеу дағдыларын сіңіруге, сондай-ақ білім алушыларды деректерді іріктеуге, зерделеуге және қорытуға, өздерінің теориялық түсініктерін тұжырымдай білуге үйретуге мүмкіндік береді. Зерттеу жобаларын ұйымдастыру формалары, әдетте, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты. Зерттеу нәтижелері мақала, есеп, дипломдық жоба, әрі қарай коммерцияландыруға арналған өнім және т. б. түрінде рәсімделеді.

Қолданбалы (тәжірибеге бағдарланған) жобалар - тәжірибені тікелей жинақтау үдерісінде алынған жаңа құзыреттерді іс жүзінде қолдануға және игеруге, анықталған мәселені шешудің жаңа жолдарын және/немесе бағыттарын әзірлеуге бағытталған. Бұл ретте ұсынылған әзірлемелер эмпирикалық зерттеулер, есептеулер, эксперименттер және т.б. арқылы алынған дәлелдемелік базаға негізделуі тиіс. Қолданбалы жоба әртүрлі нысандарда ұсынылуы мүмкін: дипломдық жоба, кәсіби конкурстарға

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 7 беті	

дайындық және қатысу, ғылым, мәдениет, спорт мекемелерінің ағартушылық, әлеуметтік, спорттық жобаларына қатысу, әрі қарай коммерцияландыру үшін өнім және т. б.

6.2 Пәндік-мазмұндық сала бойынша жобалардың түрлері:

- *монопроекттер* - білімнің бір саласымен шектеледі, бұл ретте басқа пәндік салалардан алынған ақпарат пайдаланылуы мүмкін;

- *пәнаралық жобалар* - бірнеше пәндік салаларды қамтиды және жобалық мәселелерді шешудің кешенді тәсілімен сипатталады.

7 ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1 Жобаның жалпы құрылымы оның түріне және пәніне қарамастан келесі кезеңдерді қамтиды: (Б ҚОСЫМШАСЫ)

Мотивация мен мақсат қою кезеңі мәселені диагностикалау және түсіну, мақсат қою және оны шешу тұжырымдамасын таңдау рәсімдерімен байланысты. Осы кезеңде жоба менеджері мәселесі бар немесе жиі кездесетін мәселелік жағдай туралы әңгіме ұйымдастырады, жобаға қатысушыларды оның маңыздылығы мен шешу жолдары туралы ойлауға шақырады. Осы мақсатта әңгіме барысында жобаның тәжірибелік маңыздылығы ашылады. Жоба нәтижелерін жобалаудың әртүрлі нұсқалары ұсынылады, жоба өнімі таңдалады.

Жоспарлау кезеңі мақсаттарды қанағаттандыратын қажетті өнімнің егжей-тегжейлі сипаттамасын және жобаны жүзеге асыру құралдарын іздеуді қамтиды. Жоспарлау кезеңінде жоба менеджері білім алушыларға рөлдерді бөлуге көмектеседі, олардың жобаны жоспарлау әрекеттерін ұйымдастырады, жобаның мәнін көрсететін нақты тапсырмалардың тұжырымдалуын және олардың орындалу мерзімдерін қадағалай отырып, осы жұмысты бақылайды. Жобалық қызметті жоспарлау кезеңі әдетте аудиториялық сабақта жүзеге асырылады. Сондықтан, білім алушыларға бірлескен жұмысты ұйымдастыруға көмектесе отырып, жоба жетекшісі белсенді талқылау әдістерін, сыни ойлауды жандандыруды және топтағы конструктивті қарым-қатынас әдістерін қолданады. Бұл "миға шабуыл", "дөңгелек үстел", морфологиялық талдау және т. б. әдістері болуы мүмкін.

Жобаны орындау кезеңі алдыңғы кезеңде әзірленген алгоритмді іске асыруды, қойылған міндеттерді тікелей орындауды, жобалау өнімін алуды білдіреді. Жобалық қызметтің осы кезеңі барысында жоба жетекшісі топ қатысушыларына олардың жеке тапсырмаларын орындау бойынша кеңес береді, жоба қатысушыларының жоспарланған мерзімде жоба міндеттерін орындау бойынша жұмысын бақылайды, білім алушылардың іздеу қызметін ынталандырады, олардың іс-әрекеттерін түзетеді, алынған деректерді талдауға

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	1-ші басылым
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	25 беттің 8 беті	

және жүйелеуге, қорытындылар тұжырымдауға және мәселені шешу бойынша жаңа гипотезалар ұсынуға көмектеседі.

Жобаны қорғау кезеңі жобаны қорғауға дайындауды және алынған өнімді аудитория алдында көрсетуді қамтиды. Жобаны қорғау кезеңінде жоба жетекшісі білім алушыларға жобалық қызмет өнімін жобалауға және презентация дайындауға көмектеседі. Жобаға қатысушылар бірлесіп презентация пішінін жоспарлайды, сөйлеушілерге мүмкін (ықтимал) болатын сұрақтарды ойластырады.


Нәтижелерді тексеру және бағалау кезеңі жобалау жұмысын талдауды, мақсатқа жету дәрежесін белгілеуді және қызмет нәтижелерін бағалауды қамтиды. Осы кезеңдегі жоба менеджерінің іс-әрекеттері жобаға қатысушыларға барлық атқарылған жұмыстарды тұтастай түсінуге, олардың іс-әрекеттері мен жеке жаңа сатып алуларын бағалауға бағытталған. Ол үшін жоба менеджері дайын жобалық өнімдерді өзара бағалауды, олардың тиімділігін, пайдалылығын және бастапқы мәселелік жағдайды шешудегі мүмкіндіктерін бағалауды ұйымдастырады.

8 ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Жобаны жобалау мен іске асырудағы маңызды сәт - оның тиімділігін бағалау. Бағалау сипаты жобаның түріне, оның тақырыбына, мақсатына, жобаның міндеттеріне және іске асыру шарттарына байланысты.

Жобаларды бағалау кезінде қолдануға болатын критерийлер

Жобаның құрамдас бөліктері	Бағалауға арналған критерийлер
Мәселені қою және оның негізділігін, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау	<ul style="list-style-type: none"> • ұсынылған мәселелердің өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы; • зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қоюдың дұрыстығы, олардың ұсынылған тақырыпқа және жұмыс мазмұнына сәйкестігі; • жұмыс ауқымының маңыздылығы.
Жобаны орындау және рәсімдеу	<ul style="list-style-type: none"> • әзірлемелердің көлемі мен толықтығы, дербестігі, ұсынылатын шешімдердің дайындығы; • логика, өзара байланыс және жоба кезеңдерінің реттілігі; • шығармашылық деңгейі, тақырыпты, тәсілдерді, ұсынылған шешімдерді ашудың өзіндік ерекшелігі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 9 беті	

	<ul style="list-style-type: none"> • ұсынылған шешімдердің, тәсілдердің, тұжырымдардың дәлелденуі, библиографияның толықтығы, дәйексөз; • Безендіру, жазу сапасы: стандартты талаптарға сәйкестік, мәтіннің рубрикациясы мен құрылымы, эскиздердің, сызбалардың сапасы.
Жобаның орындалу нәтижесі	<ul style="list-style-type: none"> • жоба аяқталғаннан кейін жобаны дамыту перспективалары; • жобадан күтілетін сәйкестік/ жоспарланған нәтижеден алынған өнімге сәйкестік; • мәлімделген мәселені шешу дәрежесі.
Жұмыс нәтижелерін таныстыру, жобаны қорғау	<ul style="list-style-type: none"> • жоба бойынша жұмыс нәтижелерін ұсынудың айқындығы, кәсібилігі; • презентация материалының көрнекілігі мен құрылымдылығы; • кәсіби лексиканы және тұжырымдамалық-категориялық аппаратты дұрыс қолдана білу; • сұрақтарға жауаптардың толықтығы, дұрыстығы, тақырыпты және жұмыстың басым жақтарын сәтті ашу үшін жауаптарды пайдалануға ұмтылу.

Критерийлер жиынтығын толықтыруға және түзетуге болады. Жоба жұмысын бастамас бұрын білім алушыларды жобаны бағалау критерийлерімен таныстырады. Критерийлерді жақсы нәтижеге жету үшін не істеу керектігін көрсететін нұсқаулық ретінде пайдалануға болады. Бұл ретте жобаны бағалау жобаны ұсыну және қорғау кезеңінде ғана емес, оны іске асырудың аралық кезеңдерінде де жүргізіледі.

Тапсырмаларды орындау барысын бақылау, жобалық топтың жұмысын үйлестіру, мерзімдерді қадағалау және жоба бойынша қажетті ақпаратты сақтау үшін Trello құралын пайдалану ұсынылады.

9 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ІСКЕ АСЫРУ

Жобаларды іздеуді және таңдауды кафедраның ПОҚ мен білім алушылары жүзеге асырады.

Жобаларды әзірлеу және іске асыру бастамасы тапсырыс берушілерден (индустриялық компаниялар, еңбек нарығы), ғалымдардан/зерттеушілерден, және "ОҚМА"АҚ білім алушыларынан ұсынылуы мүмкін. Профессор-

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 10 беті	

оқытушы құрамына кірмейтін жобаның бастамашысы жоба Бағдарламасына ұсынысын рәсімдей алатын адамға - жоба авторына жобалық ұсыныспен жүгінеді.

Нарықта ілгерілеу үшін компаниядан/ кәсіпорынан/ ұйымнан ұсынылатын жаңа өнімдерден белгілі бір мерзімде нәтиже алу үшін білім алушыларға медицина міндеттерін шешу бойынша жобалар қажет.

Жоба Бағдарламасы кафедра отырысында міндетті сараптамадан өтеді, мүмкін болған жағдайда бейінді (салалық) сарапшыларды тарта отырып, оның штатында жоба авторы жұмыс істейді. Оң сараптамалық бағалаудан кейін жоба Бағдарламасы "ОҚМА" АҚ сайтындағы кафедралық жобалар Банкінде орналастырылады. Кафедра отырысында жобалық қызметті жүзеге асыратын жауапты оқытушылар тағайындалады.

Жобалар іске асырылатын шеңберінде жобалардың тақырыптарын айқындау, пәндерді таңдау, жобаларды бағалау критерийлерін тұжырымдау, силлабустарға тиісті өзгерістер енгізу ағымдағы оқу кезеңінің (семестр немесе жыл) соңында келесі академиялық кезеңге енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Жоба жетекшісі жобаның қатысушыларын білім алушы – автор/ бастамашы/ таныстыру мақсатында академиялық кезеңнің (семестр немесе цикл) апта басында тиісті презентацияларды өткізеді және жобалау топтарын қалыптастырады

Оқу топтарын (немесе жекелеген білім алушыларды) кафедраларға бекіту тиісті деканат шығарған өкіммен расталады.

Жобаға бағытталған оқыту білім алушылардың оқытушы-жетекшісімен (ОБӨЖ) өзіндік жұмысы шеңберінде жоба жүзеге асырылады.

Орындалған жоба белгілі бір түрде рәсімделіп, (В,Г,Д ҚОСЫМШАЛАРЫ) жоба басшысына алдын ала көрсетілген мерзімде ұсынылуы тиіс.

Ұсынылатын жобалық қызмет нәтижелерін жобаның барлық қатысушылары алдын-ала анықтайды, ұсыну нысандары әр түрлі болуы мүмкін: мақалалар, есептер, дипломдық жобалар, өнімдер және т.б. Жобаның аралық қорғауы аралық бақылауда ұсынылады.

Жоба бойынша есеп беру нысаны есеп (дипломдық жоба) немесе/және презентация болып табылады.

Білім алушылар жоба жетекшісінің басшылығымен тапсырыс берушілердің (жұмыс берушілердің, индустриялық компаниялардың және т.б.) тапсырмасы бойынша пәнаралық топтарда жұмыс істейді. Топтың мақсаты - идеядан жұмыс істейтін прототипке/өнімге келу.

Жобалық қызмет оқу үдерісінің әртүрлі форматтарында жүзеге асырылады. Кестеге (фронтальды немесе циклдік), сондай-ақ пәндердің құрылымына (интеграцияланған немесе модульдік) байланысты жобалық жұмысты ұйымдастыруға көзқарас әр түрлі болады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 11 беті	

9.1 Фронтальды кесте кезінде жобалау қызметін іске асыру

Фронтальды кесте семестр бойы пәндер бойынша тұрақты сабақтарды қамтиды, бұл жобаны орындау үшін уақытты тұрақты бөлуді қамтамасыз етеді. Негізгі ерекшеліктері:

- *Жобаны жоспарлау.* Семестрдің басында жоба жетекшісі білім алушылар орындауы тиіс тақырып пен міндеттерді анықтайды. Тақырыптарды оқытушы ұсына алады немесе білім алушы таңдай алады немесе тапсырыс берушілер пәннің жалпы мақсаттары негізінде ұсына алады.

- *Орындау кезеңдері:*

1. Мотивация және мақсат қою кезеңі семестрдің басында өтеді, онда білім алушылар жобалық тақырыпты таңдайды.

2. Іс-қимыл жоспарын жоспарлау және әзірлеу кезеңі оқытушымен тұрақты сабақтар арқылы жүзеге асырылады, онда аралық нәтижелер талқыланады.

3. Бұл орындау кезеңі пәнді игеру барысында түзету мүмкіндігімен жүзеге асырылады.

4. Жобаны қорғау кезеңі - семестрдің соңында.

- *Орындалуын бақылау.* Оқытушы тұрақты кездесулер мен аралық нәтижелерді тексеру арқылы жобаның орындалуын бақылайды. Қорытынды бағалау жұмыс аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

9.2 Циклдік кесте кезінде жобалау қызметін іске асыру

Циклдік кесте қысқа циклдарда пәндерді қарқынды зерттеумен сипатталады. Мұндай жағдайларда жобалық қызметтің ерекшелігі - *қысқа мерзім*. Циклдік форматта жобалық жұмыс бір цикл кезеңіне жоспарланады. Бұл қарқынды дайындықты және жобаның барлық кезеңдерін қысқа мерзімде аяқтауды талап етеді.

- *Орындау кезеңдері:*

1. Мотивация және мақсат қою кезеңі циклдің алғашқы күндерінен бастап білім алушылардың қатысуын қамтамасыз ету үшін жүргізілуі керек.

2. *Жоспарлау* кезеңі пән негізін оқумен қатар жүреді, бұл жобалық тапсырмаларды цикл мазмұнына бейімдеуге мүмкіндік береді.

3. *Орындау* кезеңі теорияны зерттеумен қатаң синхрондалуы керек.

4. Қорғау кезеңі-циклдің соңында.

- *Орындалуын бақылау.* Мерзімнің қысқа болуына байланысты жобалардың орындалуы күнделікті немесе апталық есептер арқылы бақыланады. Қорытынды қорғау циклдің соңғы күнінде жүзеге асырылады.

9.3 Интеграцияланған пәндерде жобалау қызметін іске асыру

Интеграцияланған пәндер әр түрлі пәндік салалардың элементтерін қамтиды, бұл жобалық қызмет білімді тереңдету және пәнаралық өзара әрекеттесу құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 12 беті	

• *Жобалардың пәнаралық сипаты.* Жоба тақырыптары бірнеше пәндік салаларды қамтуы керек. Мысалы, медициналық пәндерде бұл клиникалық тәжірибені биостатистикамен немесе фармациямен біріктірілуі мүмкін.

• *Орындау кезеңдері:*

1. *Мотивация және мақсат қою* кезеңінде білім алушылар әртүрлі пәндерден білімді қолдануды талап ететін кешенді мәселелерді көрсететін жобалық тақырыптарды таңдайды.

2. *Жоспарлау* кезеңі пәнаралық мәселелерді шешудің тәсілдерін анықтау үшін әртүрлі пәндердің оқытушыларымен үйлестіруді қамтиды.

3. *Орындау* кезеңі жобаны сәтті орындау үшін оқытушылар мен білім алушылар арасындағы әр түрлі бағыттағы өзара әрекеттесуді талап етеді.

4. *Қорғау* кезеңі жоба нәтижелерінің бағалауын әр түрлі пәндердің сараптама комиссиясы қарастырады.

• *Орындалуын бақылау.* Барлық пәндердің жетістіктері мен мәселелерін үнемі талқылау арқылы оқытушылар білім алушылардың жұмысын үйлестіреді.

9.4 Модульдік пәндерде жобалау қызметін іске асыру

Модульдік пәндер бір уақытта бірнеше пәндердің өзара байланысын зерттеуді қамтиды, бұл кешенді жобалық жұмыстарға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайларда жобалық қызмет әртүрлі салалардағы білімді интеграциялаудың және теориялық білімді практикада қолданудың маңызды құралына айналады.

• *Орындау кезеңдері:*

1. *Мотивация және мақсат қою* кезеңі бірінші сабақта өткізіледі, онда білім алушылар оқытушының жетекшілігімен модульдің барлық пәндерін қамтитын жоба тақырыбын таңдайды.

2. *Жоспарлау* кезеңі алғашқы сабақ барысында жүзеге асырылады, білім алушылар әр пән оқытушыларының басшылығымен тапсырмаларды жоспарлайды және жобаға қатысушылар арасында міндеттерді бөледі.



3. *Орындау* кезеңі әр түрлі пәндер білімін интеграциялау мүмкіндігі курс аясында жүзеге асырылады. Оқытушылар тұрақты кеңес береді және білім алушыларға пәндер арасындағы жұмысты синхрондауға көмектеседі.

4. *Қорғау* кезеңі модульдің соңында өткізіледі, онда білім алушылар өз жұмысының нәтижелерін ұсынады, оларды модульге қатысатын барлық пәндердің оқытушылары бағалайды.



• *Орындалуын бақылау.* Модульдің барлық пәндерінің оқытушылары білім алушылардың жұмысын үйлестіру үшін бір-бірімен белсенді қарым-қатынаста болады

MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	495-2025	
«ОКМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 13 беті	


Әзірлеген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні	Мерзімі	Қолы
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Долтаева Б.З.	18.12.2024	
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасының меңгерушісі	Иванова М.Б.	18.12.2024	

Тексерген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні	Мерзімі	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.	19.12.2024	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	19.12.2024	

Келісілген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні	Мерзімі	Қолы
Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.Ұ.	20.12.2024	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 14 беті	

А ҚОСЫМШАСЫ

Жоба Бағдарламасы

Жобаның атауы	
Кафедраның атауы	
Жобаның жетекшісі	
Мәселелік жағдайды тұжырымдау	<i>Жобаның мәселесі (моно - немесе пәнаралық мәселе), білім алушылардың қызығушылығын ояту, болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті білімді өз бетінше алуға және дағдыларды игеруге ұмтылдыру</i>
Жобаның мақсаты мен міндеттері	<i>Мақсаты: Міндеттері: 1) 2)</i>
Жобаның жол картасы	<i>Жобаны іске асыру кезеңдерінің негізгі іс-шаралары, орындау мерзімдері, есеп беру түрі</i>
Жобада білім алушының орындайтын қызмет түрлері /пысықталатын дағдылар	
Жобаны іске асыру мерзімдері	
Кредиттер саны	
Білім алушыларға, жобаға қатысушыларға қойылатын талаптар	
Жобаның жоспарланған нәтижелері	<i>Жобаның өнімі келесілер болуы мүмкін: макеттер мен модельдер, әдістер, нұсқаулықтар, презентациялар, аналитикалық есептер, әдістемелік материалдар және т. б.</i>
Жоба нәтижелерін бағалау критерийлері	
Жобаға қатысушылар саны	
Жоба іске асырылатын білім беру бағдарламасы / бағдарламалары	

Автор (лар): _____

Бағдарлама кафедра отырысында қаралды _____

Хаттама № _____, «___» _____ 202_ жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 15 беті	

Б ҚОСЫМШАСЫ

Жобаны іске асыру бойынша іс-қимылдардың болжамды картасының мысалы

Кезеңдер	Жұмыстың мазмұны	Білім алушылардың жұмысының іс әрекеті	Кезеңнің нәтижесі
Мотивация және мақсат қою кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> - тақырыптың анықтамасы; - бір немесе бірнеше мәселелерді анықтау; -соңғы нәтиже мақсаттарын нақтылау 	<ul style="list-style-type: none"> - жобаның мақсаттары мен мәселелерін түсіну; - жобаның тұжырымда-масын әзірлеу 	Дизайн, идея, жоба өнімінің бейнесі берілген жұмыстағы мәселе бойынша жоба қатысушыларын ынталандыру
Жоспарлау кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> -мәселені талдау, гипотезаларды ұсыну, гипотезалардың әрқайсысының негіздемесі; - шешім мәселелерін оңтайлы таңдау нұсқасы; - ақпарат көздерін анықтау, оны жинау және талдау тәсілдері; - топтаға рөлдерді бөлу; - міндеттер қою және бағалау нәтижелерінің критерийлерін талқылау; - нәтижелерді ұсыну әдісін анықтау 	<ul style="list-style-type: none"> - мәселелерді шешу идеялары мен гипотеза-лар ұсыну, есептерді тұжырымдау; - ақпарат көздерін анықтау және нақтылау - жұмыстың ең оңтайлы нұсқасын таңдау; - өнімнің жобалау сипаттамасын жүзеге асыру ; - соңғы нәтижеге жету алгоритмін әзірлеу; - міндеттерді бөлу 	Жоба міндеттерінің орындалу кестесінде жауаптылар мен бақылау нүктелерін көрсету
Жобаны орындау кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> - гипотезаны растайтын немесе жоққа шығаратын қажетті ақпарат іздеу; 	<ul style="list-style-type: none"> - ақпаратпен жұмыс; - зерттеу жүргізу; 	Дайын жоба өнімі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 16 беті	

	<ul style="list-style-type: none"> - аралық нәтижелерді ескере отырып, жобалар жұмысының алгоритмін түзету; - жобаны орындау 	<ul style="list-style-type: none"> - әзірленген алгоритмді іске асыру; - жобаны ресімдеу 	
Жобаны қорғау кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> - нәтижеге жеткен (жетістіктер мен сәтсіздіктер) жобаның орындалуын талдау; - баяндаманы дайындау және безендіру; - жобаны ұжыммен қорғау 	<ul style="list-style-type: none"> - баяндама презентация дайындау; - жобаны қорғау 	Көпшілік алдында жобаны қорғау
Нәтижелерді бағалау кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> - нәтижеге жеткен (жетістіктер мен сәтсіздіктер) жобаның орындалуына талдау жүргізу; - қойылған мақсатқа жетуге талдау жүргізу; - жаңа мәселелерді анықтау үшін нәтижелерді бағалау, 	<ul style="list-style-type: none"> - жоба нәтижелерін және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруда ұжымдық талдауды жүзеге асыру 	Талдау арқылы қалыптасқан құзыреттілік бойынша білім алушының жобалық қызметін бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 17 беті	

В ҚОСЫМШАСЫ

Жоба бойынша жазбаша есептің титулдық парағын ресімдеу үлгісі

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

Фармация факультеті

Фармацевтикалық өндіріс технология кафедрасы

ДИБАЗОЛ ТАБЛЕТКАЛАРЫН АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ

Жоба бойынша есеп

Білім беру бағдарламасы: 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Жоба тобының қатысушылары:

А.Давлатов

М.Насибова

З.Полатова

Жоба жетекшісі:

фарм.ғ.к., проф. Б.О.Торланова

Шымкент – 2025

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 18 беті	

Г ҚОСЫМШАСЫ

ЖОБА БОЙЫНША ЕСЕПТІ РӘСІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ

Парақ түрі А4	210 × 297 мм
Мәтін	Сол жағы- 30 мм, оң жағы - 10 мм, жоғарғы және төменгі жағы- 20 мм
Шрифт	14 пт Times New Roman
Жолдар интервалы	Бір жарым
Абзац шегі	1,25 см
Мәтінді тегістеу	Ені бойынша
Бетті нөмірлеу	Араб цифрларымен құжаттың бүкіл мәтіні бойынша нөмірлеуді сақтау. Бет нөмірі парақтың төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады. Титулдық параққа және мазмұны бар параққа нөмір қойылмайды, нөмірлеу "кіріспе" парағынан 3 санынан басталады
Бөлім тақырыптарын рәсімдеу	Тақырып ортаға үлкен (бас) әріптермен, қою шрифтпен нүктесіз жазылады Араб цифрларымен нүктесіз нөмірлеу, мысалы: 1 ЕҢБЕКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ МЕН ЫНТАЛАНДЫРУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ Мазмұны, кіріспесі, қорытындысы, пайдаланылған дереккөздердің тізімі, қосымшалар нөмірлеусіз ғана ресімделеді
Бөлім(параграф) мен бөлімшелерді(подпараграф) рәсімдеу	Бөлімді бас әріп, қалың шрифтпен нүктесіз ортасына орналастыру. Араб цифрларымен нөмірлеу, нөмірде нүктемен бөлінген бөлім мен абзац нөмірі болады, мысалы: 1.1 Фармация факультетінің білім алушыларының жобалық қызметі: мазмұны, ұйымдастырылуы, нәтижелерді ұсыну Тармақшаның нөміріне тармақпен бөлінген бөлімнің, кіші бөлімнің, тармақтың нөмірі және тармақшаның реттік нөмірі кіреді, мысалы: 1.1 Жобалау қызметінің ерекшеліктері

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 19 беті	

Тақырыптарды мәтіннен бөлу	Тақырыптар мәтіннен жоғарыдан үш интервалмен бөлінеді (бір жарым интервалда бір жол тастап), төменнен-интервал қою: "Абзац" / шегініс (отступ) мен интервалдар / интервал / 12 пт кейін
Бөлімдерді жұмысқа орналастыру	Мазмұны, кіріспе, әр тарау, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі, қосымшалар жаңа парақтан (беттен) басталуы керек
Мәтіндегі тізімдер	<p>Араб сандары. Жазу абзац шегінісінен жасалады, мысалы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инструментальды (аспаптық) теориялар... 2. Теориялар мазмұнды... 3. ... <p>Егер тізімде нөмірлеудің басқа түрі қолданылса, мысалы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1), 2), 3), кейін мәтін кіші әріптермен жазылады, ал соңында нүктелі үтір қойылады, мысалы: 1) мотивацияның ішкі факторларын анықтау...; 2) кезектегі қызметкерлердің ...; 3) . <p>Көп деңгейлі тізімді кіші латын әріптерін қолдануға болады, содан кейін жақша қойылады, мысалы:</p> <p>1 гигиеналық факторлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> a) жалақы; b) еңбек жағдайлары; c) ... <p>2 Мотивация факторлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> a)...
Формулаларды рәсімдеу	Формула редакторында бөлек жолда ортасына қойып теріледі. Формулаға кіретін таңбалар мен сандық коэффициенттердің түсіндірмелері, егер олар мәтінде бұрын түсіндірілмеген болса, формуланың астында тікелей көрсетілуі керек. Әр таңбаның түсіндірмелері формулада таңбалар берілген ретпен жаңа жолдан берілуі керек.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 20 беті	

	<p>Түсіндірудің бірінші жолы одан кейін қос нүктесіз" қайда " деген сөзден басталуы керек, мысалы:</p> <p>Сараптамалық бағалау реттік, дәрежелік айнымалы болып табылады, олардың арасындағы байланысты талдау үшін дәрежелік корреляция коэффициенттері қолданылады, мысалы- Спирмен коэффициенті сияқты мысал:</p> $\rho_{xy} = 1 - \frac{6}{n^3 - n} \sum (r_x - r_y)^2,$ <p>где n – жұптасқан бақылаулар саны, $\sum (r_x - r_y)^2$ - дәрежелік айырмашылықтардың квадраттарының қосындысы</p>
Кестелерді рәсімдеу	<p>Барлық кестелер араб цифрларымен (яғни ретімен) немесе бөлім шегінде нөмірленеді (бұл жағдайда кесте нөмірі бөлім нөмірінен және бөлім ішіндегі реттік нөмірден тұрады, нүктемен бөлінген (мысалы, 1-кесте немесе 1.1-кесте). Мәтін бойынша міндетті түрде кестеге сілтеме жасаңыз. Кестедегі мәтін Times New Roman шрифтімен 12 пт көлемінде (кеглем), кіші әріппен, бөлектемей, ені бойынша туралап, бір интервал арқылы теріледі. Кестенің атауы - ені бойынша абзац шегінісімен және авторға сілтеме жасай отырып көрсетіледі. Кесте мәтіннен жоғарыдан және төменнен бір интервалмен бөлінеді. Мысалы:</p> <p>2-кесте-"Зерде" дәріханасының қызметкерлерін басқару және еңбек тиімділігін бағалайтын деректер</p>
Суреттерді рәсімдеу	<p>Суреттер араб цифрларымен нөмірленуі керек. Иллюстрацияларды бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда иллюстрация нөмірі бөлім нөмірінен және нүктемен бөлінген иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады. "Сурет" сөзі мен атауы 12</p>

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 21 беті	

	<p>кегльмен, кіші әріппен, жуанмен басылады, авторға сілтеме жасай отырып, абзац шегініссіз ортасына тураланады. Қажет болған жағдайда иллюстрациялардың атауы және түсіндірме деректері болуы мүмкін (сызба астындағы мәтін). Мысалы: Еңбек құқығы әдісі осы салаға тән еңбекті құқықтық реттеудің әдістерінен тұрады, олар 1-суретте көрсетілген.</p> <p>1-сурет - Еңбек құқығының әдісін құрайтын еңбек құқығын реттеу әдістері</p>
Қосымшаларды рәсімдеу	<p>Әрбір қосымша беттің жоғарғы оң жақ бұрышында "Қосымша" сөзін және оның атауын көрсететін жаңа беттен басталуы керек. Қосымшалар құжаттың қалған бөлігімен парақтың нөмірленуімен ортақ болуы керек. Барлық қосымшалар мазмұнында көрсетілуі керек. Әр қосымшаның иллюстрациялары араб цифрларымен бөлек нөмірлеу арқылы, цифрдың алдына қосымшаның белгісін қосу арқылы белгіленеді. Қолданбалар араб сандарымен белгіленеді. Егер құжатта бір қосымша болса, ол "Қосымша-1" деп белгіленеді</p>
Сілтемелерді рәсімдеу	<p>Беттік библиографиялық сілтемелерді пайдалануды ұсынамыз. Сілтемелер мәтіні Times New Roman шрифтімен 12 пт көлемінде (кеглем), кіші әріппен, таңдамай,(қалыңдатпай) ені бойынша туралаумен бір интервал арқылы теріледі.</p> <p>1 Костенко Е. П. Теория управления: эволюция концепций в зарубежных странах. – Ростов н/Д : Содействие XXI век, 2013 – С. 93</p> <p>2 Bator F. M. The Simple Analytics of Welfare Maximization // American Economic Review. – 1957 – Vol. 47, № 1 – P. 22–59.</p> <p>3 Михалкина Е. В. Критерии и оценка меры социальной ответственности бизнеса //</p>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 22 беті	

	<p>Экономический вестник Ростовского государственного университета. – 2004 – Прил. 6 – С. 43–44. 4 Там же. – С. 45</p>
<p>Пайдаланылған дерек көздер тізімін рәсімдеу</p>	<p>Қазіргі уақытта әдебиеттер тізіміндегі библиографиялық жазбалар 7.1-2003 ГОСТ-на сай рәсімделеді. "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы рәсімдеу Диссертация мәтінінде әр дереккөзге сілтеме болуы керек. Дереккөздер туралы мәліметтер мәтіндегі дереккөздердің сілтемелері н орналастыру, араб цифрларымен нүктесіз нөмірлеу және абзац шегінісінен басып шығару керек. Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты жақша арқылы берілуі тиіс. Библиографиялық жазба түпнұсқа тілінде орындалады.</p> <p>1 Абуова Г.Н., Лизинфельд И.А. Масштабы ВИЧ-инфекции в мире и Южно-Казахстанской области // Наука и образование Южного Казахстана. – 2009. – № 1 (74). – С. 135-139.</p> <p>2 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.</p> <p>3 Агафонова Н.Н. Гражданское право: учебное пособие для вузов / под ред. А.Г. Калпина. – Изд. 2-е, перер. и доп. – М.: Юрист, 2003. – 542 с.</p> <p>4 Зимин А. И. Влияние состава топливных эмульсий на концентрацию оксидов азота и серы в выбросах промышленных котельных // Экологическая защита городов: тез. докл. науч.-техн. конф. – М.: Наука, 1996. – С. 77-79.</p> <p>5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын</p>

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 23 беті

	<p>бекіту туралы: утв. 6 қараша 2007 жыл, № 1039 // ИС ПАРАГРАФ. – 2009, октябрь – 20.</p> <p>6 Указ Президента Республики Казахстан. О некоторых вопросах развития агропромышленного комплекса: утв. 11 декабря 2006 года, № 220.</p> <p>7 Байтова А. Инновационно-технологическое развитие – ключевой фактор повышения конкурентоспособности // Казахстанская правда. – 2009. – № 269.</p> <p>8 Формирование и анализ фондов непубликуемых документов, отражающих состояние науки Республики Казахстан: отчет о НИР (заключительный) / НЦ НТИ: рук. Сулейменов Е. З.; исполн.: Кульевская Ю. Г. – Алматы, 2008. – 166 с. – № ГР 0107РК00472. – Инв. № 0208РК01670.</p> <p>9 Официальные периодические издания: электрон. путеводитель / Рос. нац. б-ка. Центр правовой информации. [СПб.], 2005–2007. – URL : http://www.tuf.ru.</p>
--	--

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 24 беті	

Д ҚОСЫМШАСЫ

Жобаның жазбаша есеп құрылымы ²

№	Жобаның жазбаша есебінің тараулары	Беттер маны		
		Бакалавриат		Интернатура/ резидентура
		II - III курс	IV - V курс	
	Титулды бет	1	1	1
	Кіріспе Шамамен кіріспе құрылымы: - жұмыстың өзектілігі; - зерттеу нысаны; - зерттеу пәні; - зерттеудің мақсаты мен міндеттері; - жоба гипотезасы; - жобаның қысқаша сипаттамасы: - зерттеу материалдары мен әдістері; - жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы; - жұмыс нәтижелерін іске асыру; - нәтижелерді апробациялау; - жобаның құрылымы мен көлемі.	2	2	2
1	Теориялық бөлім (1 тарау)	9	12	12
1.1	Мәселені зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері, мәселені зерттеудің теориялық және тұжырымдамалық негізін қалыптастыру: қолданыстағы тәсілдерді талдау және жүйелеу	3	4	4
1.2	Зерттелетін мәселенің мәні мен қазіргі жағдайының сипаттамасы, оның пайда болу себептері мен даму динамикасы, мәселені шешу тәсілдері, теориялық әзірлемелер мен әлемдік және отандық тәжірибені ескере отырып, оны шешудің қазіргі тәжірибесі, тиісті	3	4	4

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу- әдістемелік орталық	495-2025	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық	1-ші басылым 25 беттің 25 беті	

	категориялық аппаратты талдау және жүйелеу			
1.3	Мәселеге әсер ететін негізгі факторларды, мәселеге қатысатын субъектілерді, олардың арасындағы байланысты зерттеу	3	4	4
2	Аналитикалық / эксперименттік / зерттеу бөлімі (2 тарау)	9	12	12
2.1	Есептеу-аналитикалық, зертханалық және т. б. құралдарды пайдалана отырып, авторлық зерттеу жүргізу технологиясының сипаттамасы және нәтижелерінің сипаттамасы, оның ішкі компоненттері мен сыртқы байланыстарын ескере отырып, зерттеу объектісінің кешенді сипаттамасы, зерттеу объектісінің әртүрлі құрамдас бөліктерінің диагностикасы	3	4	4
2.2	Мәселені шешудің мүмкін бағыттары, оларды іске асыру бағдарламасы мен механизмі	3	4	4
2.3	Жобалық шешімдерді іске асыру нәтижелерінің тиімділігін өлшеу және бағалау әдістері	3	4	4
	Қорытынды. Жобаның мазмұны және оны орындау процесі тұрғысынан жобалық зерттеудің нәтижелерін көрсететін тұжырымдар мен ұсыныстар	2	3	3
	Пайдаланылған дерек көздердің тізімі (ұсынылатын саны)	25	30	30
	Қосымшалар (10 бетке дейін, жоба бойынша жазбаша есептің жалпы көлеміне кірмейді)			
	Жалпы	25	35	35

²Есеп құрылымы қатаң рәсімделген және стандартты бола алмайды. Бұл көбінесе зерттеудің тақырыбына, күрделілік дәрежесіне және әдістемесіне, оның теориялық және практикалық маңыздылығына, сондай-ақ нәтижелерді ұсынудың жалпы логикасын сақтау қажеттілігіне, авторлардың алдына қойылған міндеттерді орындауына байланысты.